

**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ
«Әдістемелік кабинет» КММ
ЖШС «Бопай» балабақшасы**

Ақтөбе қаласы білім бөлімінің
«17» *сәуір* 2021 жылғы
№ *278* бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ



БАҒДАРЛАМА
«Табиғат тал бесік»
(ересек тобы)

Ақтөбе -2021ж

Бағдарлама негізі: Шаңбаев.С.Қ. Айналамен танысу. «Алматы кітап»- 2001.
Т.М.Бондаренко. «Экологиялық тәрбие балалармен»- Воронеж;-2006 ж.;

Құрастырғандар : Әбілғазиева С.Ж.; Демеугалиева Ж.Ж.

ЖШС «Бопай» балабақшасының педагогикалық кеңесі
отырысында «Табиғат тал бесік » бағдарламасы талқыланды.

Хаттама №1

«31» тамыз 2021жыл

ЖШС «Бопай» балабақшасы меңгерушісі: Жумашева Б.А.



Қалалық сараптау комиссиясының отырысында «Табиғат тал бесік»
бағдарламасы мақұлданды және бекітілді.

Хаттама № 1

«17» 09 2021жыл

Сараптау комиссиясының төрайымы:



М.О. Қосымбаева.

«Бопай» балабақшасының «Табиғат тал бесік» бағдарламасына

П І К І Р

Қазіргі заманның ағымына қарай экологиялық тәрбие беру мәселесі жас бүлдіршіндерге қоршаған орта, табиғат туралы түсінік берудегі алғы шарттардың бірі болып отыр. Баланың экологиялық жан-жақты дамуы – олардың табиғат туралы түсініктерін, қоршаған орта ерекшеліктерін, заттардың сыртқы қасиеттерін ажырата білуі болып табылады. Балалардың танымдық – қатынастық қабілеттерін дамыту алдын-ала жағдай жасау ғана емес, ол болашақта олардың қоршаған ортаны, табиғатты, туған жерін, өз Отанын сүйе білетін, қадірлей білетін жан-жақты білімді, тәрбиелі азамат болып шығуына мүмкіндік береді. Сондықтан да бала бойында экологиялық тәрбиенің дамуын ерте жастан және мектепке дейінгі кезеңде бағалау қажет. Экологиялық тәрбие балалардың ойлау, есте сақтау және ақыл-ой дамуына әсерін тигізеді, адамгершілік тәрбиесінің ұғымдарын қалыптастырады.

Кішкентай балалардың бойында экологиялық тәрбиенің жағымды жағдайларын қалыптастыруға арналған «Табиғат тал бесік» тақырыбындағы бағдарламасы құрылды. Бұл бағдарламада бүлдіршіндердің бойында дамытушы және дидактикалық ойындармен, практикалық іс-әрекеттер түрлерін ретімен қолдану арқылы, балалардың қоршаған орта туралы түсінігімен экологиялық тәрбиені, адамгершілік тәрбиесімен ұштастыра отырып беруге бағытталған.

Бағдарламаның мақсаты: дамытушы, дидактикалық ойындар және тәжірибелік іс-әрекеттер арқылы балалардың танымдық қабілеттерін дамыту, қоршаған ортаға, табиғатқа деген оңтайлы көзқарасын қалыптастыру, табиғаты бағалай және қорғай білуге тәрбиелеу. Бұл бағдарламаның балаларға қоршаған ортадағы құбылыстарды, табиғатты, музыканы, көркем әдебиетті түсінуде беретін маңызы зор.

Осы бағдарлама арқылы балалар қоршаған орта мен табиғат туралы (табиғат өзгерістері, жылдың төрт мезгілі және оның ерекшеліктері мен айырмашылығын ажырата білуге), табиғаттағы кездесетін заттарды басқада геометриялық пішіндермен салыстыра білуге (мысалы: күн дөңгелек, бұлт сопақша, қар көп бұрыш т.б.) сенсорлық эталондарды қолдана білуге (алқызыл гүл, аппақ қар, үлгілдеген мысық, сары түсті күн), сипап сезу арқылы заттарды ажыратып атауға, қоршаған ортадағы дыбыстарды есту арқылы ажыратуға, заттардың иісін, дәмін, сапасын айыра т.б. үйренеді. Берілген бағдарламаны қолдануда әр педагог өз жұмысының барысында белсенділігін көрсете отырып, балалардың жан-жақты дамуына ықпал етеді.

Осы бағдарлама нәтижесінде балалардың табиғат туралы жан-жақты түсініктері, білімі мен икем дағдылары қалыптасады. Бағдарлама талапқа сай жазылған. Сондықтан да бұл бағдарламаны оқу-тәрбие процесінде вариативтік бөлім ретінде енгізуге болады деп есептеймін.

Пікір беруші:

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Педагогика, психология және бастауыш оқыту кафедрасының доценті,
педагогика ғылымының кандидаты



• Адильшинова З.У.

Түсінік хат

«Табиғат тал бесік» бағдарламасы балалардың қоршаған орта, тіршілік иелері оның пайдасы мен ерекшеліктері туралы білімдерін толықтыра отырып, табиғатты қорғай, қадірлей білуге бағытталған.

Бағдарламаның мақсаты: дамытушы, дидактикалық ойындар және тәжірибелік іс-әрекеттер арқылы балалардың танымдық қабілеттерін дамыту және қоршаған ортаға, табиғатқа туған жері мен еліне деген онтайлы көзқарасын қалыптастыру. Табиғаты бағалай және қорғай білуге тәрбиелеу.

Бағдарламаның міндеттері:

1. Балалардың қоршаған орта және табиғат туралы, оның ерекшеліктері мен айырмашылықтары туралы білімдерін ерте жастан тиянақтап қалыптастыру.

2. Балалардың адамгершілік қасиеттерін қалыптастыра отырып, табиғатты аялай білуге, мейрімділікке, қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.

3. Табиғаттың, қоршаған ортаның ерекшеліктері мен айырмашылықтарын танып-білуге деген қызығушылықтарын ояту.

Өзінділігі: қоршаған ортамен таныстыру және экологиялық тәрбие беру - баланың танымдық қабілетін алғашқы күннен бастап қалыптастыруға арналған құралдардың бір түрі болып есептеледі, ал балабақшадағы оқыту мен тәрбиелеудің негізін қалыптастырып дамытушы және дидактикалық ойын іс-әрекеті болып саналады. Ойын әрекеті-баланың танымдық және коммуникативтік процесті дамытудың негізі болғандықтан, әрбір тәрбиеші-ұстаз оқыту мен тәрбие берудің мазмұнын үнемі дидактикалық, дамытушы, танымдық ойын элементтерімен және тәжірибелік іс-әрекеттермен толықтырып отыруы керек. «Табиғат тал бесік» бағдарламасы негізінен баланың танымдық қабілеттерін дамыта отырып қоршаған ортаны сүйе білуге, табиғатты қорғай білуге тәрбиелеуге және адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған.

Бағдарлама бойынша күтілетін нәтиже:

-туған елі, жері туралы, қоршаған орта туралы түсініктері қалыптасыды, толық мағұлмат алады;

-табиғатты, қоршаған ортаны қорғау, ластамау, қамқорлық жасау туралы және табиғат пен адам арасындағы байланыс туралы түсініп, біледі;

-балалардың бойында рухани-адамгершілік тәрбиенің ұшқыны оянады, жағымды қасиеттеріді бағалай білуді меңгереді.

Мектеп жасына дейінгі жастағы балалардың жеке тұлғасының, психологиясының дамуының ең басты міндеттері қазіргі таңдағы ең өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Соның ішінде экологиялық ҰОҚ-нің бала өмірінде алатын орны ерекше. Себебі мектеп жасына дейінгі балаларға толық қанды экологиялық тәрбие беру, өз-өзіне, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік тұжырымдамасын қалыптастыру, болашақ ұрпақты туған жеріне, Отанына жүрген ортасына сүйіспеншілігі мол, туған жердің табиғатын сүйетін, қорғайтын, сақтайтын және ана тілінің қадірін білетін

ұл-қыз тәрбиелеу болып табылады. Қазақстан Республикасының «Білім беру» жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі қазақ халқының азаматтары жан-жақты білімді, елін сүйетін еңбекшіл болу керек деген қағиданы басшылыққа отырып, ерте жастан жас бүлдіршіндерге экологиялық тәрбие беру мақсатында «Табиғат тал бесік» бағдарламасы құрылды.

Бағдарлама аптасына 1 рет базистік оқу жоспарының вариативтік бөлімінде ересек тобында жүргізіледі. Барлық сағат саны -36, ұзақтығы 20-25 минут. Бағдарлама бір жылға негізделіп құрылған.

Тақырыптық жоспар

№	тақырбы	Сағат саны
1	Күзгі ағаштар сары жапырақтарымен желбіреп келеді	1
2	Бауда ма? Бақшада ма?	1
3	Астық қалай нан болады? Нансыз тамақ ас болмайды.	2
4	Орман көркі ағаштар	1
5	Жәндіктер қалай өмір сүреді? (шыбын, маса,)	1
6	Табиғи материалдар –біздің көмекші құралдарамыз	1
7	Берекелі «Алтын күз»	1
8	«Жыл мезгілдері»-ойын-викторина	1
9	Сикырлы тамшылар	1
10	Құстар біздің досымыз	1
11	Табиғат сұлулықтың қайнар көзі	1
12	Табиғат бұрышындағы еңбек	1
13	Аквариум-дағы балықтардың тіршілігі	1
14	Қар опасынан мүсіндер жасату. (тәжірибелік – ойын –іс әрекеті)	1
15	Тәжірибелік іс-әрекет. «Қар ериді, су болады»	2
16	Танымдық іс -әрекет «Гүлдер мен көк-өністер тұқымдарын отырғызу»	2
17	Ойын-сабақ, «Экологиялық көрме»	1
18	Қыс мезгіліндегі жабайы жануарлар тіршілігі	1
19	Топта көкөніс өсіреміз	1
20	«Ақ қыраулы қысым ,кош бол!»	1
21	«Қош ,келдің ару Көктем!»	1
22	Наурыз-жыл басы!	1
23	Жыл құстары оралды	1
24	Қаламыздың тазалығын сақтаймыз	1
25	Үлесекде ағаш көшеттерін отырғызу	1
26	Дәнінен жемісіне дейін	1
27	Дәстүрден тыс ҰОҚ-і. «Емдік өсімдіктермен танысу»	2
28	Біз тазалық жанашыры боламыз!	1
29	Жәндіктер мен құмысқалар тіршілігі.	1
30	Табиғат әсемдігі	1
31	Керемет гүлдер	1
32	Көктемді шығарып салу мерекесі.	1
	Барлығы:	36

Күнтізбелік тақырыптық жоспар

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны
1	Күзгі ағаштар сары жапырақтарымен желбіреп келеді	Балаларды табиғаттың күзгі көріністерін тамашалай білуге үйрету. Күз ерекшеліктерін байқай білуге әсемдігін сезіну, түсіну, қызықтау, жапырақтарына қарай ағаштарды (қайың, терек, қарағаш) танып айта білуге дағдыландыру. Табиғатты қорғай білуге үйретіп, балаларды табиғаттың күзгі көріністерін тамашалай білуге тәрбиелеу.	1
2	Бауда ма? Бакшада ма?	Жеміс жидек, көкөністердің қайда, қалай өсетіні туралы білімдерін дамыту. Көкөністің түр-түсі, дәмі, көлемі, аттары туралы білімдерін бекіту, оларды ауызша суреттей білуге үйрету. Бакта не өседі? Бакшада не өседі? Ажырата білуге үйрету. Күздегі адамдар еңбегін бағалауға және жеміс-жидек, көкөністерді бағалай білуге тәрбиелеу.	1
3	Астық қалай нан болады? Нансыз тамақ ас болмайды.	Күздің ерекшелігін аңғарып, адамдар егіс даласында, бау –бакшада, паркте қандай жұмыстар жүргісіп жатырғандары туралы көрнекі суреттер бойынша әңгіме айтуға үйрету. Астық өсіру маңызды іс екенін көрсету, ол көптің еңбегі екенін, астықтың қалай дастарханға нан болып жететінін көрсетіп түсіндіріу. Балалардың қоршаған ортаны қадірлей біліуін және оған деген сүйіспеншілігін дамыту. Ас атасы- нанды ардақтай, қастерлей білуге тәрбиелеу.	2
4	Орман көркі ағаштар	Экологиялық ережелерді сақтай білуге үйрету. Саяхатқа шыққан кездерде, демалған ортасын жинай білу дағдыларын қалыптастыру, ағаштарды бұталарына, діңіне қарап ажыратуға қабілеттерін дамыту. Туған өлке орманы, ормандағы ағаштардың түрлері туралы түсіндіру, ормандағы ағаштарды қорғауға, табиғатқа қамқорлық жасай білуге деген көзқарастарын тәрбиелеу.	1
5	Жәндіктер қалай өмір сүреді? (шыбын, маса,)	Шыбын –шіркейлер, көбелектер, аралар мен масалар салқыннан қорқатындығын үйрету. Күзде салқын түсе бастағанда олар көктемге дейін ұйқыға кетеді, ағаштардың қуысында тығылып қалады, көп орын аламау үшін олар бір-біріне жабысып қалады. Олар салқынға шыдамайды. Шыбын-шіркейлердің де өз өмірі бар екенін әңгімелеп айту, сурет, слайдтар арқылы көрсету, жәндіктер туралы ойларын дамыту. Жәндіктерді, құмырысқаларды қорғай білуге тәрбиелеу.	1
6	Табиғи материалдар – біздің көмекші құралдарамыз.	Балаларға шырша дәндерін, (шишқаларды) ағаш жапырақтарын, гүлдердің тұқымдарын көк-өністердің дәндерін (қарбыз, қауын, аскабак т.б.) жинап кептіру жолдарын көрсетіп үйрету. Табиғи материалдарды пайдалана отырып әр түрлі бейне суреттерді жасай білуге дағдыландыру. Балаларды табиғатты қорғай	1

		білуге тәрбиелеу.	
7	Берекелі «Алтын күз»	Балаларға күз мезгілін не себепті «Алтын күз» деп неге айтатынымыз туралы түсінік беру, яғни күз мезгілінде барлық жеміс-жидектер мен көк-өністер, қырмандағы астықтар толық пісіп, жиналып аладғы қысқы мезгілге қажетті толық дайындық жүргізілетіні туралы көрсете отырып түсіндіру. Жыл мезгілдерін ажырата білуге дағдыландыру. Алтын күз тақырыбын тереңдету арқылы білімдерін тиянақтау. Күз мезгіліндегі үлкендер еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.	1
8	«Жыл мезгілдері»-ойын-викторина	Әр түрлі жыл мезгілдерінің сурет –кесінділері арқылы жыл мезгілдерін ажырата білуге үйрету. Есте сақтау қабілеттерін және сөздік қорларын толықтыра отырып дамыту. Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту және жыл мезгілдеріндегі өзгерістерді құрметтей білуге тәрбиелеу.	1
9	Сиқырлы тамшылар	Балаларды судың қасиеттерімен таныстыру. Су туралы мәлімет беру. Судың түрлі құбылыстарға ұшырап бұға айналатыны, өзгертіні, қатырған кезде құйылған ыдыстың пішінін алатынын айтып түсіндіру, көрсету, үйрету. Судың түрлі өзгеріске ұшырайтыны (бұршаққа, қырауға, қарға айналатыны, мұз боп қататыны) туралы білімдерін тәжірибе арқылы дамыту. Суды қадірлей білуге, үнемдей білуге тәрбиелеу.	2
10	Құстар біздің досымыз.	Өз өлкеміздің табиғатын тамашалату, яғни суреттер немесе слайдтар арқылы көрсету, туған жердің табиғатын сүйе білуге үйрету. Туған табиғатымыздағы құстар туралы түсініктерін кеңейту, өзен –көлдердегі, орман-тоғайлардағы құстарды көрсету (сурет арқылы). Құстарды тани білуге және аттарын дұрыс айта білуге дағдыландыру. Балаларға құстардың табиғатқа тигізетін пайдасы туралы айтып түсіндіру. Оларға қамқорлық жасай білуге (құстарды атауға, ұясынан жұмытқасын алауға болмайды т.б.). тәрбиелеу	2
11	Табиғат сұлулықтың кайнар көзі	Балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру, тірі және өлі табиғаттағы құбылыстарды түсіне білуге, сөздерді дұрыс айтуға үйрету. Су мен ауаның қасиеттерін тәжірибелер жасау арқылы көрсетіп, табиғат құбылыстарының сырын ажырата білуге қызығушылықтарын дамыту. Қоршаған ортаны танып білуге деген қызығушылығын арттыра отырып, балаларды нақты жауап бере білуге жаттықтыру. Табиғат-анаға қамқорлық жасауға, әсемдікті, әдемілікті көре білуге тәрбиелеу.	1
12	Табиғат бұрышындағы еңбек	Топтағы табиғат бұрышындағы гүлдерді күтіп –баптай білуге, тамырланған бөлме гүлдерін құмыраға отырғызуды үйрету. Бөлме гүлдерінің пайдасы туралы түсініктерін дамыту. Гүлдерді күтіп баптауға тәрбиелеу.	1
13	Аквариум-дағы балықтардың тіршілігі	Табиғат бұрышындағы аквариум ішіндегі балық тіршілігін бақылауға үйрету. Олардың өсіп-өнуі үшін қажетті құралдармен таныстыру (ауа желдеткіші, сүзгі, тастар, табиғи балдырлар т.б.). Балықтар тіршілігі	1

		туралы түсіндіру, әңгімелеу көрсету, ой- өрістерін дамыту. Су тіршілік иелерін қорғауға тәрбиелеу.	
14	Қар опасынан мүсіндер жасату (тәжірибелік – ойын – іс әрекеті)	Балабақша ауласындағы қар үйінділерінен опалай отырып, үңгірлеуге, сүйірлеуге, домалақтау әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, әр түрлі жануарлар мен жәндіктердің (қоян, аю, тасбақа, қолтырауын т.б.) мүсіндерін ұжымдық іс -әрекет арқылы жасай білуге үйрету. Балалардың бойында жануарларға деген сүйіспеншіліктерін дамыту. Бір- бірінің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.	1
15	Тәжірибелік іс-әрекет. «Қар ериді, су болады»	Қоршаған айналаны бақылауға, күте білуге, зейін қойып бақылауға үйрету. Қоршаған ортаға деген қызығушылығын туғызу. Көрсетілген тәжірибеге зейін қойып бақылауға, мұздың суға айналуына назар аударуға, табиғи арасындағы қарапайым байланысты анықтауға дағдыландыру. Балалардың өздерінің де тәжірибе жасай білу қабілеттерін қалыптастыру, бір -бірінің еңбегін бағалай білуге, көмектесе тәрбиелеу.	2
16	Танымдық іс -әрекет «Гүлдер мен көк-өсімдер тұқымдарын отырғызу»	Тұқымдардан жетілетінін көк-өніс түрлері мен гүлдерді еске түсіріп, олардың тұқымдарынан айыра білуге үйрету. Отырғызылған тұқымдардың өскенін бақылау, салыстыру қабілеттерін (үлкен -кішілігін көрсетіп) өсіп-өну үшін қажетті жағдайлар (ылғал, күн, жарық, су, құнарлы жер) дамыту. Жәшікке немесе кішкене қорапшаларға қара топырақты үгітіп қалай салуды көрсету. Балаларды табиғат бұрышындағы өсімдіктерді күтіп баптай білуге тәрбиелеу.	1
17	Ойын-сабақ, «Экологиялық көрме»	Қоршаған ортадағы жануарлар мен өсімдіктер әлемін тани білуге және оларды суреттер мен бейне сабақтар арқылы ажырата білуге үйрету. Туған елінің табиғатына деген сүйіспеншілік, қызығушылық қасиеттерін қалыптастыру және дамыту. Табиғатты және ондағы тіршілік иелерін қорғай білуге тәрбиелеу.	1
18	Қыс мезгіліндегі жабайы жануарлар тіршілігі	Балаларға қыс мезгіліндегі жабайы жануарлар тіршілігі туралы үйрету. Жабайы жануарлар туралы бейне монтаждар, түрлі суреттер көрсету, ой- өрістерін дамыту. Олардың табиғатқа тигізетін пайдасы туралы түсіндіру. Оларға қамқорлық жасай білуге және қорғай білуге тәрбиелеу.	1
19	Топта көкөніс өсіреміз	Топта табиғат бұрышында ыдысқа қара топырақты салып, (орамжапырақ, қызанақ, киярдың) тұқымдардың отырғызып, күтіп баптай білуге үйрету. Бақылау күнделігін жүргізу. Осы дәндерінен өсіп шыққан өскінді көктемде балабақша ауласындағы қара топыраққа отырғызып, жемісін бергенше күтіп баптауға дағдыландыру. Ұжымдық еңбекте бір -біріне қамқор болуға тәрбиелеу.	2
20	«Ақ қыраулы қысым қош бол!»	Балалардың қыс мезгілі туралы білімдерін жан –жақты тиянақтай отырып (жұмбақ, тақпақ, жаңылтпаштарды, мақал-мәтелдерді) айтқыза отырып қыс мезгілін ажырата білуге үйрету. Қыс мезгіліне байланысты түрлі ойындардан жарыс ұйымдастыру арқылы қыс мезгілінің	1

		ерекшеліктері білуге дағдыландыру. Ойын жарыс кезінде достық қарым - қатынаста болуға тәрбиелеу.	
21	«Қош, келдің ару Көктем!»	Балалардың жыл мезгілі туралы түсініктерін тиянақтай отырып, көктем туралы мәлімет беру. Көктем ерекшеліктері мен көктем мерекелері туралы білімдерін дамыту. Ару көктем келген де табиғат жанданып ұйқысынан оянадыны туралы айтып түсіндіру, көрсету. Көктемгі үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу.	1
22	Наурыз-жыл басы!	Наурыз-жыл басы, күн мен түннің теңелуі, табиғатқа қамқорлық мерекесі екені жөнінде түсінік беру, үйрету. «Бір тал кессең, он тал ек!» - деген халық мақалын түсіндіру. Жыл мезгілдерін ажырата білуге дағдыландыру. Баланы еңбек сүйгіштікке, аңғарымпаздыққа тәрбиелеу.	1
23	Жыл құстары оралды.	Алғашқы көктем жаршысы ұзақ қарға туралы айтып, көрсету. Оларға жағдай жасауға үйрету. Жыл құстарын ретімен атай білуге дағдыландыру, ойын түрлері арқылы үйрету. Құстардың және олардың көктемдегі тіршілігі, табиғатқа келтіретін пайдасы туралы түсініктерін дамыту. Құстарға деген қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу.	1
24	Қаламыздың тазалығын сақтаймыз	Серуен кезінде көшедегі қар суын, қоқыстарды тазалайтын адамдардың еңбегін бақылау, ағаш кесуші, ағаштарды отырғызушы жұмыстарын бақылап, бізде осылай еңбек жұмысына араласып, көмектесуіміз керектігін үйрету. Қала таза болу үшін бәрімізде тазалықты сақтай отырып, еңбек етуге дағдыландыру. Үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу.	1
25	Үлесекде ағаш көшеттерін отырғызу	Ағаштың адам өміріндегі пайдасы туралы айтып түсіндіру. Балабақша ауласындағы әр топқа белгіленген үлескеде ағаш отырғызу жұмысына көмектесуге дағдыландыру. Бақша ішіндегі бөлінген жерге тамырланған ағаштың отырғызылу жолдарын көрсету және оларды күтіп баптай білуге тәрбиелеу.	2
26	Дәнінен жемісіне дейін	Балаларға өсімдіктердің дәнінен жемісіне дейінгі өсу және даму жолдары туралы көрсетіп түсіндіру. Табиғат бұрышында еңбек әрекеттерін ұйымдастыру және күнтізбемен жұмыс істеу дағдылары дамыту. Бақылау кезінде өсімдіктердің дәнінен жемісіне дейінгі өсу жолын бақылауға, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу және табиғат бұрышындағы өскіндерді бау-бақша үлескесіне отырғызу жолдарын бақылатып көрсету. Оларды күтіп баптай білуге, қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	1
27	Дәстүрден тыс ҰОҚ-і. «Емдік өсімдіктермен танысу»	Топтардағы бөлінген үлескеге сирень бұталарының көшеттерін және жолжелкеді отырғызуға үйрету. Бұл бұталар мен өсімдіктердің емдік қасиеттері туралы түсінік беру. Сонымен қатар балабақша ауласындағы және далалықтағы жусан шөбінің емдік қасиеттері туралы балаларға түсіндіріп көрсете отырып тіл байлығын дамыту. Үлкендердің еңбегін бағалай білуге	2

		және емдік шөптерді қорғай білуге тәрбиелеу.	
29	Біз тазалық жанашыры боламыз!	Балабақша ауласындағы түрлі өскіндер мен гүлдерге және балабақша айналасындағы егілген жас ағаштарға су құйып, қарауға (үлкендер көмегімен) балаларды үйрету. Ерте жастан бала бойында еңбек дағдыларын қалыптастыру. Үлкендердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.	1
30	Жәндіктер мен құмысқалар тіршілігі.	Балалардың әр түрлі жәндіктер мен құмысқалар және шыбын-шіркейлер туралы үйрету. Олардың пайдасы мен зияны туралы айтып түсіндіру. Құмысқаның еңбекқорлығын көрсету және қанағатшылдығы туралы түсінік беру арқылы балалардың ойларын дамыту. Жәндіктерге қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.	1
30	Табиғат әсемдігі	Қазақстан суретшілерінің табиғат, туған жер қоршаған орта туралы салған бейнелі жұмыстарын көрсете отырып, әсерлеп әнгімелей білуге үйрету. Қазақстан табиғатын әсем жерлері туралы слайдтар көрсетіп, ой өрістерін дамыту. Табиғаттың әсемдік сезініп, бақылай білуге баулу. Табиғат ғажайыптарын қорғай білуге тәрбиелеу.	1
31	Керемет гүлдер	Балалардың көктем мезгіліне тән белгілер туралы білімдерін кеңейту. Гүлдердің алуан түрлілігі жайындағы және олардың өміріндегі маңызды жағдайлар туралы түсініктерін қалыптастыру. Бақылай білуге, талдау жасауға, салыстыруға үйрету. Гүлдердің әр кез адамдарға қуаныш сыйлайтынын түсіндіру. Балалардың қызығушылықтарын дамыту. Табиғатты аялай білуге тәрбиелеу.	1
32	Көктемді шығарып салу мерекесі.	Жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Көктем аяқталды, енді жарқырап жаз келеді, Тақпақтар, жұмбақтар, жаңылтпаштар айту түрлі жарыстар ұйымдастыру, жыл бойғы алған білімдерін бекіту. Үлкендердің еңбегін бақылап және бағалай білуге тәрбиелеу.	1
	Барлығы	36 сағат	

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шиббаев С.Қ. Айналамен танысу. «Алматы кітап» 2001 ж
2. Бондаренко Т.М. «Экологиялық тәрбие балалармен», Воронеж- 2006.г
3. Моргунна Т.А. « Какие месяцы в году?», М.-2000г

Қосымша әдебиеттер тізімі:

1. Мокшова Л. М. «Игровые экологические занятия с детьми».М -2004ж
2. Бондаренко Т.М. «Экологиялық сабақтар», Воронеж -2006.г
3. Сорокина А.Е. «Балабақшадағы дидактикалық ойындар.», М.- 2010 г
4. Рыкова Н.А. «Я и природа», М.-2007ж
5. Рыкова Н.А . «Невидимые ниточки природы», М.-2005г
6. «Айнала қоршаған орта. Экология.», «Алматы кітап» -2002 ж
7. «Бөбектерге байғазы кітапханасы.», Алматы- 2000 ж
8. Аймағанбетова Қ.А «Жыл он екі ай.»- 2006 ж
9. «Жеті жүз жұмбақ», Алматы «Ана тілі» -2008ж